

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
«ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК

РГКП «НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ»  
МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



**«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ  
ТАЛАПТАРЫ**

**ТРЕБОВАНИЯ К ВЫСТАВЛЕНИЮ ЗАЧЕТА ПО УЧЕБНОМУ  
ПРЕДМЕТУ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»**

**Астана  
2023**

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 1 қарашадағы хаттама).

Рекомендовано решением научно-методического совета Национального научно-практического центра физической культуры (Протокол от 1 ноября 2023 года).

**«Дене шынықтыру оқу пәні бойынша сынақ талаптары».** Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: ҰҒПДТО, 2023. – 23 б.

**«Требования к выставлению зачета по учебному предмету «Физическая культура».** Методические рекомендации. – Астана: ННПЦФК, 2023. – 23 с.

Құралда 2-11-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша бағалау ерекшеліктері қарастырылып, сынақ қою талаптары ұсынылды. Сондай-ақ құралға бағалау критерийлері енгізілді, сынақ өткізуге арналған тапсырмалардың үлгілері ұсынылды.

Әдістемелік ұсынымдар пән мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру ұйымдарының әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

В пособии рассмотрены особенности оценивания по предмету «Физическая культура» в 2-11 классах, представлены требования к выставлению зачета. А также в пособие включены критерии оценивания, даны образцы заданий для проведения зачета.

Методические рекомендации адресованы для учителей-предметников, администрации школ, методистов отделов образования, региональных и школьных координаторов по критериальному оцениванию и других заинтересованных лиц.

## АЛҒЫ СӨЗ

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің 2-11 сынып білім алушылары үшін «Дене шынықтыру» пәні бойынша бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу кезінде дене шынықтыру мұғаліміне көмектесу үшін жасалған.


Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде 1-4 сыныптарға, 5-9 сыныптарға және жалпы орта білім беру деңгейіндегі 10-11 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы негізінде дайындалды.

«Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынақ талаптарын әзірлеу бойынша Ұлттық білім академиясы (бұдан әрі-Академия) басшылығының ұйымдастыруымен *2019 жылғы 25 қаңтардағы №79 келісімиартқа қатысты* отырыс өтіп, сынақ талаптарын әзірлеудің тұжырымдамалық ережелері жинақталды, ұсыным әзірленді. *2019 жылдың 27 тамызында* «Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынақ талаптарын әзірлеу әдістемелік ұсыным Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА *ғылыми кеңесімен* (17.09.2018ж.) бекітіліп, ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім департаментіне ұсынылды және [nao.kz](http://nao.kz) сайтына жүктелді.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтың 1-қосымшасы және ҚР Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығының 1-қосымшасы 16-тармағында «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Зайырлылық және дінтану негіздері» және бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады» - делінген.

Осыған байланысты, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы (ҰҒПДТО) Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеп ұсынған «Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынақ талаптары негізінде «Дене шынықтыру» білім беру саласы «Дене шынықтыру» оқу пәніне арналған бағалау мен сынақ

талаптарының ерекшеліктері туралы әдістемелік ұсынымды «Сынақ қою талаптарын, бағалау критерийлерін» қайта жаңартып басылымға ұсынады.

<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Министерство образования и науки Республики Казахстан</p> <p>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Национальная академия образования имени И. Алтынсарина</p>  <p><b>«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ», «МУЗЫКА», «КӨРКЕМ ЕҢБЕК», «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ», «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ», «ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ» ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША СЫНАҚ ТАЛАПТАРЫ</b></p> <p><b>ТРЕБОВАНИЯ К ВЫСТАВЛЕНИЮ ЗАЧЕТА ПО УЧЕБНЫМ ПРЕДМЕТАМ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА», «МУЗЫКА», «ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД», «САМОПОЗНАНИЕ», «ОСНОВЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И БИЗНЕСА», «ГРАФИКА И ПРОЕКТИРОВАНИЕ»</b></p> <p>Нұр-Сұлтан 2019</p>	<p>Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен басаға ұсынылды (2019 жылғы 17 қыркүйектегі №8 хаттамасы)</p> <p>Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №8 от 17 сентября 2019 года)</p> <p>Авторлары: С.Куптилеуова, Е.Копкина, Е.Тудеулов, Н.Гасанов және басқалары</p> <p><b>«Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынақ талаптары.</b> – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 234 б.</p> <p>Авторы: С.Куптилеуова, Е.Копкина, Е.Тудеулов, Н.Гасанов и др.</p> <p><b>Требования к выставлению зачета по учебным предметам «Физическая культура», «Музыка», «Художественный труд», «Самопознание», «Основы предпринимательства и бизнеса», «Графика и проектирование»</b> – Нур-Султан: НАО имени И.Алтынсарина, 2019.–234 с.</p> <p>Құралда 1-11-сыныптарға арналған «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» пәндері бойынша бағалау ерекшеліктері қарастырылды, аталған пәндер бойынша сынақ қою талаптары ұсынылды. Сондай-ақ құралға жиынтық бағалау критерийлері енгізілді, сынақ өткізуге арналған тапсырмалардың үлгілері ұсынылды.</p> <p>Әдістемелік ұсынымдар пән мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру ұйымдарының әдіскерлеріне, критериялды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.</p> <p>В пособии рассмотрены особенности оценивания по предметам «Музыка», «Художественный труд», «Физическая культура», «Самопознание», «Основы предпринимательства и бизнеса», «Графика и проектирование» в 1-11 классах, представлены требования к выставлению зачета по указанным предметам. А также в пособие включены критерии суммативного оценивания, даны образцы заданий для проведения зачета.</p> <p>Методические рекомендации адресованы для учителей-предметников, администрации школ, методистов отделов образования, региональных и школьных координаторов по критериальному оцениванию и других заинтересованных лиц.</p> <p>© Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. © Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2019.</p>
<p>Академияның Орта білім орталығы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу бойынша арнайы жұмыс тобы құрылды, олардың құрамында: С.Куптилеуова, Е.Копкина, Е.Тудеулов, Н.Гасанов «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша сынақ талаптарын әзірлеген.</p>	

## КІРІСПЕ

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтың 1-қосымшасы және ҚР Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығының 1-қосымшасы 16-тармағына сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламаларында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда «есептелінді» («есептелінген жоқ») белгі қойылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша сынақ қоюға қойылатын талаптарды әзірлеу бойынша әдістемелік құралдың мазмұны келесілерді қамтиды:

**1. 1-11-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні бойынша бағалау ерекшеліктері.**

**2. «Дене шынықтыру» пәні бойынша сынақ қою талаптары.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (бұдан әрі – стандарт) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып қайта әзірленді.

**Әдістемелік құралды қайта дайындаудың негізгі мақсаты** стандартта көрсетілген білім мазмұнын игеруге қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдар бастауыш, негізгі, орта білім беру деңгейінің 1-11 сынып оқушылары үшін «Дене шынықтыру», пәні бойынша сынақты жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімге көмек ретінде жазылған. Әдістемелік ұсынымдар білім берудің жаңа мазмұнының оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары негізінде дайындалған.

Сынаққа арналған тапсырмалар мұғалімге I және II жартыжылдыққа жоспарланған білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жартыжылдықта сынақ өткізу үшін әдістемелік ұсынымдарда оқушылардың дайындық деңгейін бағалауға көмектесетін тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар үлгілік сипатта болады.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал мұғалімге «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін объективті бағалауына мүмкіндік береді.

## **1. «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтың 1-қосымшасы және ҚР Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығының 1-қосымшасы 16-тармағында: «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Зайырлылық және дінтану негіздері» және бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») белгі қойылады.

Дене шынықтыру пәні бойынша 1-11 сынып білім алушыларының сабақ үлгерімдерін бағалауға арналған талап келесі нормативтік құқықтық құжаттар негізінде құрылған:

1. Дене шынықтыру сабағында әрбір білім алушыны дәрбес әрі шынайы бағалау мақсатында даярланған № 125 *«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»* (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5191 болып енгізілді) 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы;

2. «ҚР Дене тәрбиесі мен спорты туралы» Заңы, 03.07.2014 ж. №228-V ҚРЗ. 2014ж.;

3. Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 242 қаулысы;

4. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының дене тәрбиесі мен спортын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» 28.12.2006 ж. № 230 Жарлығы;

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету;

6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

7. ҚР Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 ж. №500 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беру Типтік оқу жоспарлар;

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары («Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары 34, 67, 126 қосымшалар);

9. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 52 бұйрығы; «Мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы». ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 119 бұйрығы;

10. «Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының рейтингін айқындау қағидаларын бекіту туралы». ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 112 бұйрығы;

11. ҚР БҒМ 08.11.2012 ж. «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беруге арналған типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына 25.07.2013 ж. өзгерістер енгізу туралы № 296 бұйрығы.

Білім беру мекемелерінің спорт залдарында шұғылданатын балалардың көп болуына байланысты, арнайы медициналық топқа жатқызылатын білім алушылар негізгі топпен бірге, бірақ дербес (сараланған) бағдарлама бойынша шұғылданады.

1. Дене шынықтыру сабағына барлық оқушылар қатысады. Олардың ауа райы, сабақ түрі, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін спорт киімдері болуы керек. Оқу жылының басында қорытынды дәрігерлік комиссиядан анықтама қағаз алған білім алушылар дене жүктемелерінен босатылады.

2. Дене жүктемелерінен босатылған білім алушылар спортзалда немесе спорт алаңында, дене шынықтыру мұғалімінің қарауында болуы керек.

3. Дене жүктемелерінен уақытша босатылған білім алушылар «Дене шынықтыру» сабағынан босатылмайды. Олар теориялық сұрақтарды қарастырып, төрелік етуге, оқушылардың техникалық қимыл-қозғалыстарын бағалауға көмектеседі және тиісті бағаларын алады.

4. Дене шынықтыру сабағын босатқан білім алушы, өзінің сабақты босату себебін дәлелдейтін медициналық анықтама қағазды немесе басқа да ресми анықтаманы сынып жетекшісіне тапсыруы керек.

5. Дене шынықтыру мұғалімі оқушылардың білім, біліктілік деңгейлерін анықтайды:

- материалды теориялық игеру деңгейі;
- интеллектуалды ойындар;
- төрелік етуге немесе сабақты ұйымдастыруға көмектесу дәрежесі.

Емдік дене тәрбиесімен шұғылданатын, сабақтан тыс уақытта арнайы емдік дене тәрбиесі (ЕДТ) бөлмелеріне баратын білім алушылар ЕДТ курстары аяқталған соң, баға алу үшін дене шынықтыру мұғаліміне анықтама қағаздарын көрсетулері керек.

## **2 «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

1. Дене шынықтыру пәнінен бір тоқсан ішінде 50% дейін босатқан білім алушыға, жоспарланған жұмыс бағдарламасының оқу материалына сәйкес келетін теориялық тапсырма беріледі.

2. «Дене шынықтыру» пәні бойынша білім деңгейін бағалаған кезде келесі көрсеткіштер ескеріледі: білімнің тереңдігі, толықтығы, дәйектілігі, оларды нақты бір жағдайда және дене жаттығуларымен шұғылданған кезде қолдана білу біліктілігі.

**Білім деңгейін тексеру үшін сұрау және тестілеу әдістері қолданылады.**

Критерийлерді бағалау шкаласына сәйкестендіруде келесі талаптардың орындалуы негізге алынады:

«5» бағасы - оқушы оқу материалының мәнін толығымен түсінеді; іс жүзінде қолдана отырып, дұрыс мазмұндай алады.

«4» бағасы - оқушының берген жауабында аздаған дәлсіздіктер мен қателіктер бар.

«3» бағасы - оқушының берген жауабында логикалық бірізділік жоқ, оқу материалын білу деңгейі төмен, іс жүзінде қолдана білу дәйектілігі мен біліктілігі нашар.



«2» бағасы - бағдарлама материалдарын білмейді, мұғалім берген тапсырманы орындаудан бас тартады.

3. Дене шынықтыру мұғалімі білім алушының жарыста төрелік етуге және басқа да іс-әрекеттерін оң бағалауға (4 және 5 бағасымен) мүмкіндігі бар.

4. Дене шынықтыру мұғалімі сабақтан босатылған 2-4 сынып оқушыларына жоспарланған жұмыс бағдарламасының оқу материалдары негізінде теориялық материал береді.

5. Дене шынықтыру пәнінен бір тоқсан ішінде (жартыжылдық немесе оқу жылы бойы) 50% дейін босатқан білім алушы дене шынықтыру бойынша жазбаша хабарлама (5-8, 10-сыныптар) және рефераттар (9, 11-сыныптар) даярлайды.

Дене шынықтыру сабағын бақылау және бағалау туралы айтпастан бұрын, бағалау мен бағаның арасында қандай айырмашылық бар екендігін анықтап алу керек. Бағалау – бұл бағаны сандық (цифрлық) үлгімен айқындау. «Бестік», «төрттік», «үштік» - бұл баға түрлері. Ал бағалау әртүрлі болуы мүмкін.

*Сөзбен бағалау* – бұл бағалаудың кең тараған түрі. Жаттығуды дұрыс орындағаны үшін, мұғалімге көмектескені үшін мақтау. Оқушының әр нәрсеге алаңдап, оқу материалын игеруге назар салмағаны үшін ескерту жасау. Яғни, бұл ескертулер үшін оқушыға баға қойылмайды, бірақ әрекеттері бағаланды. Сабақ кезінде түрлі сөздік бағалау әрекеттері қолданылады: «Қалай ойлайсың, сен тапсырманы толығымен орындадың ба?». Егер мұғалім қойған сұрақ пен оқушының ойы бір жерден шықса және ол тапсырманы орындай алса, оның бойында керемет қуаныш сезімі болады. Ал оқушы берілген тапсырманы әзер орындаса, онда «Көрдің бе, жарайсың, жақсы жетістіктерге қол жеткіздің! Ең бастысы – ештеңеден қорыпау!», - деп қолдау көрсету керек.

*Назар салу* – бұл да бағалаудың бір түрі. Дұрыс орындалған әрекетті қолмен ишара жасап, күлімсіреп, сұқ саусақты көрсетіп ескерту жасауға болады. Сол арқылы оқушы назардан тыс қалмайды.

*Талдау*. Оқушымен қысқа әңгіме жүргізу арқылы, оның жетістіктерін ескеріп, одан да жақсы деңгейге көтерілу үшін алдағы уақытта қандай әрекеттер жасау керектігін айтып өтеді.

*Баға* – оқушының сабақ кезінде жасаған жаттығулары үшін алатын сандық ұпайы (балы). Ол баға баланы қуантуы немесе ренжітуі мүмкін және оқушыны ойлануға мәжбүрлейді. Міне, аталғандардың барлығы әрекетті, оқушыға жан-жақты әсер ететін бағалау түрлері.

*Қойылатын баға кешенді болуы керек.*

Басқа да жалпы білім беру пәндерімен салыстырғанда, дене шынықтыру сабағында оқушының сабақ үлгерімін бағалаудың өзіндік ерекшеліктері бар және олар мыналар:

- оқушының психикалық қасиеттері мен жағдайын ғана емес, дене тұрқының, дене сапалары мен денсаулық жағдайларының ерекшеліктерін жан-жақты ескере білу қажеттілігі;

- бағалауға қойылатын талаптардың кеңдігі. Онда білім ғана емес, сонымен қатар қимыл-қозғалыс біліктілігі мен дағдылар, сауықтыру әрекеттерін іске асыру жолдары, мектепте үйретілген дене жаттығулары мен біліктілігін түрлі жағдайларда қолдана білулері бағаланады;

- баланың дене дамуы мен дайындығын шынайы және дәл бағалауға мүмкіндік беретін нақты сандық бағалау жүйесінің болуы.

Осылайша, дене шынықтыру сабағында оқушылардың білімдерін бағалау жан-жақтылығымен ерекшеленеді және бұл пән бойынша жекелеген ерекшеліктері үшін бағалау дұрыс емес.

Баланың дене дайындығы, белгілі бір әрекеттерді іс жүзінде орындау біліктілігі мен дағдысы, сауықтыру шараларын ұйымдастыра білу біліктілігі, теориялық білімі, өлшенетін қасиеттердің бастапқы, аралық және қорытынды деңгейлерінің өсу динамикасы, білім мен біліктіліктің қалыптасу деңгейі бағаланады.

*Дене шынықтыру сабақтарында білім алушыларды бағалау критерийлері*

*Нақты жағдайға байланысты «2» (қанағаттандырылмайды) бағасымен бағаланады:*

- Оқушылар ауа райы, спорт түрі немесе сабаққа сәйкес келмейтін спорттық киім үлгісімен киінген. Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау талаптары орындалмайды.

- Оқушылардың денсаулығында едәуір ауытқу болмағанына қарамастан, дене жаттығуларын орындауға деген ынтасы жоқ, дене дамуында оң өзгерістер байқалмайды.

- Оқушылардың жартыжылдықта қимыл-қозғалыс біліктілігі мен дағдыларының дамуы бойынша өзгерістер байқалмайды.

- Оқушылар мұғалімнің тапсырмаларын орындамайды, сауықтыру шараларын орындау дағдыларын, дене тәрбиесі бойына теориялық және практикалық дағдыларды игермеген.

*Білім алушылар келесі шарттар орындалған жағдайда «3» (қанағаттандырырлық) бағасымен бағаланады:*

- Оқушылар ауа райы, спорт түрі немесе сабаққа толығымен сәйкес келмейтін спорттық киім үлгісінде болғанда. Қауіпсіздік техникасы және спорт залдары мен ашық алаңдарда қойылатын барлық талаптарды

орындайды, гигиена ережелері мен спорт жаттығуларын орындаған кезде еңбекті қорғау талаптарын сақтайды.

- Оқушылардың денсаулығында едәуір ауытқу болғанына қарамастан, дене жаттығуларын орындауға деген ынтасы бар, дене шынықтыру мұғалімі дене дамуында аздаған оң өзгерістер бар екендігін байқайды.

- Оқушылардың жартыжылдықта қимыл-қозғалыс біліктілігі мен дағдыларының дамуы бойынша өзгерістер көп емес.

- Оқушылар мұғалімнің тапсырмаларын жартылай орындайды, сауықтыру шараларын орындау дағдыларын, дене тәрбиесі бойынша теориялық және практикалық дағдыларды игерген.

*Білім алушылар келесі шарттар орындалған жағдайда «4» (жақсы) бағасымен бағаланады:*

- Оқушылар ауа райы, спорт түрі немесе сабаққа толығымен сәйкес келетін спорттық киім үлгісінде болады. Қауіпсіздік техникасы және спорт залдары мен ашық алаңдарда қойылатын барлық талаптарды орындайды, гигиена ережелері мен спорт жаттығуларын орындаған кезде еңбекті қорғау талаптарын сақтайды.

- Оқушылардың денсаулығында едәуір ауытқу болғанына қарамастан, дене жаттығуларын орындауға деген ынтасы жоғары. Дене шынықтыру мұғалімі білім алушының дене дамуының едәуір жақсарғандығын анықтаған жағдайда.

- Оқушылар сабақта қимыл-қозғалыс біліктілігі мен дағдыларының дамуы бойынша жетістіктерге қол жеткізеді, тоқсан немесе жартыжылдық оқу мерзімінде адамгершілік-жігер сапаларын дамытады. Дене шынықтыру пәні бойынша өз жасына сәйкес келетін нормативтерді 80% табысты орындайды.

- Оқушылар мұғалім берген теориялық немесе басқа да тапсырмаларды орындайды, сауықтыру шараларын өздігінен орындай алады, мектепте ұйымдастырылған жарыстарда төрелік етуге көмектеседі, дене тәрбиесінің теориялық және практикалық біліктіліктерін игерген.

*Білім алушылар келесі шарттар орындалған жағдайда «5» (үздік) бағасымен бағаланады:*

- Оқушылар ауа райы, спорт түрі немесе сабаққа толығымен сәйкес келетін спорттық киім үлгісінде болады. Қауіпсіздік техникасы және спорт залдары мен ашық алаңдарда қойылатын барлық талаптарды орындайды, гигиена ережелері мен спорт жаттығуларын орындаған кезде еңбекті қорғау талаптарын сақтайды.

- Оқушылардың денсаулығында едәуір ауытқу болғанына карамастан, дене жаттығуларын орындауға деген ынтасы жоғары. Дене шынықтыру мұғалімі білім алушының дене дамуының едәуір жақсарғандығын анықтаған жағдайда. Мектептің немесе қаланың спорт үйірмелерінде шұғылданады, спорттық разряды бар немесе түрлі деңгейдегі жарыстарда спорттық жетістіктерге қол жеткізген.

- Оқушылар сабақта қимыл-қозғалыс біліктілігі мен дағдыларының дамуы бойынша жетістіктерге қол жеткізеді, тоқсан немесе жартыжылдық оқу мерзімінде адамгершілік, жігер сапаларын дамытады. Дене шынықтыру пәні бойынша өз жасына сәйкес келетін нормативтерді табысты тапсырады.

- Оқушылар мұғалім берген теориялық немесе басқа да тапсырмаларды орындайды, сауықтыру шараларын өздігінен орындай алады, мектепте ұйымдастырылған жарыстарда төрелік етуге көмектеседі, дене тәрбиесінің теориялық және практикалық біліктіліктерін игерген.

#### *Дербес ерекшеліктері*

Мұғалім оқушының дене шынықтыру сабағындағы жетістіктерін бағалай отырып, оның дербес ерекшеліктерін естен шығармауы тиіс. Себебі баланың бойындағы дербес ерекшеліктердің дене тәрбиесіндегі маңызы өте жоғары.

Ескерілуі керек дербес ерекшеліктерді екі үлкен топқа бөлуге болады: дене тұрқындағы және психикалық ерекшеліктер.

Дене тұрқы – бұл адамның дамуындағы (ұзындығы, денесінің салмағы), денесінің қалыптасуындағы (астеноидты, дигестипті, торкалды және бұлшықетті) ерекшеліктер.

Оқушылардың сабақ кезіндегі іс-қимылдарын бағалаған кезде, дене тұрқы дигестипті (артық салмағы бар) және астеноидты (әлсіз) балаларға ерекше назар аудару керек. Кейбір жағдайларда дене мүшелерінің даму ерекшеліктеріне, сүйек-бұлшықет аппаратына, сондай-ақ норматив тапсыруға әсер ететін дене тұрқындағы ерекшеліктерге де назар аудару керек.

Оқушылардың сабақ үлгерімдерін бағалаған кезде, жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктері де маңызды. Ақпаратты қабылдау деңгейі нашар және ойлану қабілетінде ауытқу бар балалардың берген тапсырманы ой елегінен өткізулеріне, орындауларына уақыт беру керек. Қимыл-қозғалысты бірден орындай алмайтын балалар, көрсетілген жаттығуды бірден үлгілі орындай алмайды. Эмоцияға тез берілетін, жылдам қозғыш балаларға бірқалыпты жағдай қалыптастыру керек. Ал жігер сапалары төмендеу

балаларға қиын тапсырманы игеріп кету үшін уақыт беріп, сақтандыру және көмектесу әрекеттерін сенімді орындау қажет.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескерген кезде, олардың ар-ождандарына нұқсан келтірмей, баланың одан әрі ізденуіне, жаттығуды орындауға деген қызығушылығын арттыратындай баға қою керек.

#### *Нәтижелердің өзгеру динамикасы*

Дене шынықтыру пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың үздік жүйесі – дербес көрсеткіштердің өзгеру динамикасын есепке алу. Яғни, мұғалімдердің көбі дерлік оқушылардың нәтижелеріндегі ілгерілеушілікті бағалау жүйесіне сүйенеді. Баланың дайындық деңгейі о баста төмен болып, кейін ол көрсеткіштер жоғарылаған болса, сол үшін жақсы баға қоюға болады. Себебі, мұндай бағалау баланың одан әрі дамуына, ізденуіне ықпал етеді және ең бастысы – оның дене шынықтыру сабағына деген қызығушылығын арттырады.

Мұғалімдер оқушылардың «өз-өздеріне тапсырма беру» немесе дербес міндет жүктеу секілді өздік тәрбиелеріне сүйенеді. Мысалы, кермеде тартылудан сынақ қабылдаған кезде (әсіресе ұл балалардан), бір рет те тартыла алмаған балаға «тоқсанның соңына дейін ең болмағанда бір рет тартылуың керек, сонда жақсы (4) баға қойылады» деген тапсырма беруге болады.

Оқушыға «5» бағасын қоюдың тағы бір үлгісі: команда жеңісіне қосқан үлестеріне қарамастан, команда ойыншыларының барлығына «5» бағасы қойылады. Мысалы, кәсіби команда жеңіске қол жеткізу үшін барлық команда үздік ойыншыға пас береді және жеңіске гол соққан ойыншы емес, тұтас команда жетеді. Дене шынықтыру сабағында да осы бағалау жүйесін қолдануға болады. Ең бастысы – дайындық деңгейі әртүрлі балалардың қозғалуға деген ұмтылыстарын тежемеу.

Оқушыларға төзімділікті қажет ететін циклді спорт түрлерін игеру қиын және мұғалім белгілеген қашықтықты жүгіріп өткен балалардың барлығына «5» қоюға болады, ал мәре сызығын алғашқы болып кесіп өткендерге тағы бір ынталандырушы «5» қоюға болады. Міне, осылайша балалардың дене тәрбиесімен шұғылдануға деген ынталарына қолдау көрсетіледі.

#### *Қимыл-қозғалыс әрекеттерін игеру техникасын бағалау әдістері*

Бағалау әдістерінің негізгілеріне мыналар жатады: бақылау, тапсырма беру, жаттығулар және құрама жаттығулар.

*Ашық бақылау әдісі* – оқушылар мұғалімнің кімді және нені бағалайтынын біледі, ал *жабық бақылау әдісі* – мұғалімнің белгілі бір қимыл-қозғалыс әрекеттерін бақылайтындығы белгілі.

*Тапсырма беру әдісі* – мұғалім нақты бір жаттығуды жақсы орындайтын оқушыны анықтап, қимыл-қозғалыс әрекетін сынып алдында үлгілі орындауын сұрайды.

*Жаттығу әдісі* – жекелеген қимыл-қозғалысты игеру біліктілігін анықтауға арналған.

*Құрама жаттығулар әдісі* – белгілі бір қимыл-қозғалыс техникасымен қатар, оқушының білім деңгейі тексеріледі.

Аталған әдістерді оқушылар тобын немесе тұтас сынып оқушыларының әрекеттерін бағалау үшін дербес және топтастырып қолдануға болады.

*Арнайы медициналық топ оқушыларын бағалау*

- 1) сабақтың теориялық тапсырмаларын (ойын ережесі, қауіпсіздік техникасы және т.с.с.) орындау;
- 2) сабақтың қыздырыну бөлімін даярлау және өткізу;
- 3) реферат даярлау.

Білім беру саласындағы бақылаудың кеңінен тараған бір түрі – тестілеу. Тест – бұл біркелкілік, қысқалық және қарапайымдық талаптарына сәйкес келетін стандартты тапсырма. Ол арқылы оқушыны бағалап, теориялық материалды игеру деңгейін анықтауға болады.

Қазіргі уақытта дене шынықтыру сабағынан босатылған оқушыларды бағалау қажеттілігі жиі туындайды, сондықтан тесттік технологияны қолдану ұтымды.

Оқушыларды тестілеуді дене шынықтыру сабағында, алдын ала әзірленген жауап қағаздары арқылы өткізуге болады. Бұл әдіс әсіресе оқушыны қорытынды аттестаттуға даярлаған кезде тиімді. Себебі, 9-сыныпқа арналған дене шынықтыру бойынша емтихан материалдарында теориялық материалдар көптеп табылады.

*Дене шынықтыру пәні бойынша оқушылардың дайындықтарын бағалау критерийлері*

Дене шынықтыру бойынша бағалау критерийлері *сапалық* және *сандық* болып екіге бөлінеді.

*Сабақ үлгерімінің сапалық критерийлері* бағдарлама материалдарын игеру деңгейін сипаттайды және олар мыналар: білімі, қимыл-қозғалыс біліктілігі және дағдылары, білім беру мазмұнының міндетті минимумы және мектептің білім беру стандартына енгізілген сауықтыру іс-әрекеттерінің тәсілдері.

*Сабақ үлгерімінің сандық критерийлерін* күш, жылдамдық, қимыл-қозғалыс үйлесімділігі, төзімділік, иілгіштік секілді дене қабілеттерінен құралған дене сапаларының өзгеруімен анықталады және олар іске

асырылатын білім беру бағдарламасының бағыттылығы мен деңгейін айқындайды.

Дене шынықтыру мұғалімі дене шынықтыру пәні бойынша балалардың дайындық деңгейлерін бағалауды іске асыра отырып, өзіндік бағалауды ғана емес, баланы ынталандырушы, тәрбиелеуші қызмет атқарады және ол бағалау кезінде оқушылардың ырғақ (дәл сол сәттегі емес, белгілі бір уақыт ішіндегі дене сапаларының өзгеру динамикасын) және дербес (дене тұрқы, психикалық және физиологиялық) ерекшеліктерін ескеруі керек. Сонымен қатар, мүмкіндігінше инабатты болып, оқушының адами қасиеттеріне нұқсан келтірмей, дене тәрбиесіне деген қызығушылықтарын арттыруы керек.

*Қорытынды баға* оқушылар тоқсан (жоғары сыныптар үшін – жартыжылдықта) және оқу жылы ішінде бөлім тақырыптарын игергендері үшін қойылады. Оған оқушының оқу материалын игергені үшін алған ағымдық бағалары жатады: білімі, қимыл-қозғалыс біліктілігі және дағдылары, дене дамуындағы өзгерістер, сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыра білу біліктілігі (Оқушылардың дайындық деңгейлерін бағалаған кезде, олардың нәтижелерінің өсу қарқыны басымдылыққа ие болады. Дене дайындығын арттыру үшін ұсынылған тапсырма әрбір оқушы үшін белгілі бір қиындық туындатуы керек, дегенмен орындауға мүмкіндік беруі керек. Аталған оң өзгерістерге қол жеткізу, мұғалімге жоғары баға қоюға негіз болып табылады).

*Сабақ үлгерімін жалпы бағалау* бағдарлама түрлерінен құрылады: оқушының гимнастика, баскетбол, волейбол, жеңіл атлетикадан алған бағаларын және қорытынды жаттығуларды орындаудан алған бағаларын қосу арқылы шығарылады.

*Оқу жылы ішіндегі сабақ үлгерімін бағалау* бағдарлама бөлімдері бойынша алған бағаларын ескере отырып, оқу тоқсандарында алған бағалар негізінде іске асырылады. Сонымен қатар, бұл жерде өзіндік қимыл-қозғалыс, дене шынықтыру-сауықтыру қызметін жүзеге асыруда біліктілік пен дағдылары үшін баға басым мәнге ие.

Балалармен жұмыс жүргізу кезінде, оларды өздік жетілуге деген қажеттіліктерін қалыптастыру керек, сондай-ақ біліктіліктері мен дағдыларын *дербес бағалау* әдістемесін де қолдануға болады.

Дене шынықтыру сабағында оқушылардың игерген білім негіздерін бағалау («орындай алады» – «орындай алмайды») басқа пәндермен салыстырғанда («біледі» – «білмейді») жеңіл болғандықтан, сабақ кезінде үйретілетін көптеген қимыл-қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларды бағалаудың басты критерийі болып саналады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Оқыту, білім алу және бағалау өзара байланысты және оқу процесін ұйымдастырудың бірыңғай жүйесін қамтамасыз етеді. Мектепте оқушылардың білімін бақылау және аттестаттаудың бір түрі сынақ жүйесі болып табылады. Бақылаудың басқа түрлерімен салыстырғанда сынақ өткізу сипаты мен бағалау ерекшелігіне қарай бөлінеді. Сынақ – бұл бақылаудың арнайы кезеңі, оның мақсаты білім алушылардың міндетті дайындық деңгейіне қол жеткізуін тексеру болып табылады.

Білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер бағалау жүйесін де қамтитыны түсінікті. Білім алушыларды бағалау білімнің келесі жоғары деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып педагогтер дербес дайындайды.

Сынақ жүргізу талаптарын критерийлерге сүйеніп жасау, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалауда келеңсіздіктерді жойып, әділ бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқу процесін дараландыруға, білім алушылардың оқуға ынтасын арттыруға және оқып ізденудегі дербестігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әзірленген сынақ жүргізу талаптарын басшылыққа алу білім алушы мен мұғалім арасындағы өзара байланысты нығайтып, білім берудің сапасын арттыруға және білім сапасын шынайы бағалауға, оқушылардың өз білімін жетілдіруіне негіз болады.



## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дене шынықтыру сабағында әрбір білім алушыны дәрбес әрі шынайы бағалау мақсатында даярланған № 125 «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5191 болып енгізілді) 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы;
2. «ҚР Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы, 03.07.2014 ж. №228-V ҚРЗ. 2014ж.;
3. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» 28.12.2006 ж. № 230 Жарлығы;
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету;
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
6. ҚР Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 ж. № 500 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беру Типтік оқу жоспарлары;
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары («Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары 34, 67, 126 қосымшалар);
8. ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 52 бұйрығы; «Мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы». ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 119 бұйрығы;

9. «Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының рейтингін айқындау қағидаларын бекіту туралы». ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 112 бұйрығы;

10. ҚР БҒМ 08.11.2012 ж. «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беруге арналған типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығына 25.07.2013 ж. өзгерістер енгізу туралы № 296 бұйрығы.

## ҚОСЫМША

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері ағымдағы жылғы тамызда оқу жылының жұмыс қорытындылары бойынша мектеп жанынан құрылған Комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен педагогикалық кеңесте талқыланады.

Педагогикалық кеңес оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту бойынша нақты шаралар қабылдайды

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына  
1-қосымша

### Балдарды бағаға ауыстыру шәкілі

2-11 (12) сыныптардағы балдардың пайыздық мазмұны (%)	Баға
0 – 39	қанағаттанарлықсыз – "2"
40 – 64	қанағаттанарлық – "3"
65 – 84	жақсы – "4"
85 – 100	өте жақсы – "5" Жүктеу

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабы 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

1) бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі;

2) бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;

3) білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау – бұл жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында педагог жүргізетін білім алушылардың білімдерін жүйелі тексеру;

4) білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

5) білім алушыларды қорытынды аттестаттау – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында (бұдан әрі – МЖМБС) қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім;

6) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

7) модерация – бағалаудың объективтілігін және айқындығын қамтамасыз ету үшін балдарды қоюды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмысын талқылау процесі;

8) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы;

9) формативті бағалау – сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен педагог арасындағы

кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

## **2-тарау. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі**

3. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

4. Формативтік бағалау, оның ішінде үй жұмысын бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу мен сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтің ұсыныстары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде/электронды журналдарда) немесе ауызша жүзеге асырылады.

5. Формативтік бағалау кезінде мұғалім сабақта кері байланысты жүзеге асырады. Педагог білім алушылардың санын, кері байланысты беру нысанын және жиілігін дербес анықтайды.

6. Формативті бағалау нәтижелері қағаз түрінде басып шығаруды және сақтауды талап етпейді.

Формативті бағалау нәтижелерін ұсыну білім алушылардың орындалған жұмыстарында және/немесе электронды журналдарда балл түрінде жүзеге асырылады, педагог түсінік бере алады.

7. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

8. 2-11 сынып оқушыларына формативті бағалау, бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

9. Сабақта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен уақытын педагог дербес айқындайды.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

10. БЖБ және ТЖБ қойылатын қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген жер, сондай-ақ оқу тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеуі есептелмейді, мінез-құлқы үшін балдар төмендетілмейді.

11. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

### **Әдістемелік ұсынымда қолданылған терминдер:**

1) Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі оқу іс-әрекетінің сипаттамасы;

- 2) Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын талаптар;
- 3) Түрлі деңгейдегі тапсырмалар – білім алушының қабілетін есепке ала отырып, саралап оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар;
- 4) Рефлексия – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі;
- 5) Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі;
- 6) Оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент;
- 7) Балл қою кестесі – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте;
- 8) Ойлау дағдыларының деңгейлері – ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі;
- 9) Білім алушының оқу жетістігінің деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі;
- 10) Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі;
- 11) Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі;
- 12) Оқу мақсаттары – оқу бағдарламасына сәйкес тиісті пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым;
- 13) Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу процесі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз		4
1	Кіріспе	6
2	«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша бағалау ерекшеліктері	7
3	«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша сынаққа қойылатын талаптар	9
4	Қорытынды	17
5	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	18
Қосымша		19

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
«ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ОРТАЛЫҒЫ» РМҚК

РГКП «НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ»  
МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



**«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ  
ТАЛАПТАРЫ**

**ТРЕБОВАНИЯ К ВЫСТАВЛЕНИЮ ЗАЧЕТА ПО УЧЕБНОМУ  
ПРЕДМЕТУ «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»**

**Астана  
2023**

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Методические рекомендации составлены в помощь учителю физической культуры при планировании, организации и проведении оценивания по предмету «Физическая культура» для учащихся 2-11 классов общеобразовательных школ.

